

**"Автокөлік құралдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 9 шілдедегі № 675 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 1396 қаулысы. Күші жойылды – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 қаңтардағы № 29 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 30.01.2017 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Автокөлік құралдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылы 9 шілдедегі № 675 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., 32, 334-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Автокөлік құралдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентінде:

1-тармақтың екінші бөлігі мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"мемлекеттік қорғаныс тапсырысы шеңберінде сатып алынатын автокөлік құралдары";

2-тармақ мынадай абзацтармен толықтырылсын:

"күндізгі жүріс шамы – алға бағытталған және күндізгі уақытта қозғалу кезінде көлік құралының көрінуін арттыру үшін пайдаланылатын шам;

иммобилайзер (иммобилизатор) – көлік құралын оның меншікті қозғалтқышының тартқышы есебінен пайдаланудың алдын алуға (санкцияланбаған пайдаланудың алдын алуға) арналған құрылғы;

ISOFIX бекіту жүйесі – екі қатты корпусық бекіткішпен, балаларға арналған ұстаушы жүйедегі екі тиісті қатты бекіткіш элементпен және балаларға арналған ұстаушы жүйенің бұрыштық жылжу еркіндігін шектейтін айлабұйыммен жабдықталған, балаларға арналған ұстаушы жүйелерді көлік құралдарымен жалғастыру жүйесі;

жаңа автокөлік құралдары – 3 жылдан аспаған және бұрын Қазақстан Республикасының не басқа мемлекеттердің аумағында пайдалануда болмаған автокөлік құралдары;

қауіпсіздік жастығы – механикалық көлік құралдарында қауіпсіздік белбеуіне және ұстап қалушы жүйелерге қосымша орнатылатын құрылғы, ол көлік

құралына әсер ететін қатты соққы жағдайында нәтижесінде қандай да бір дене бөлігі немесе бөліктері салонның элементтерімен жанасқанда көлік құралының жүргізушісі немесе жолаушы ұшырайтын соққы күшін газ сығындысы арқылы шектеуге арналған тиісті созылмалы құрамдауышты автоматты түрде ашады;

пайдалану – көлік құралының тіршілік циклінің сатысы, онда оның мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап кәдеге жаратуға дейін мақсаты бойынша пайдаланылуы жүзеге асырылады;"

11-тармақ мынадай редакцияда жариялансын:

"11. Қазақстан Республикасының аумағында айналымға шығарылатын автокөлік құралдарында пайдаланылған газды бейтараптандыру жүйесі болуы тиіс және олар сәйкестікті растауға жатады.

Қазақстан Республикасының аумағында айналымға шығарылатын МІ санатындағы жаңа автокөлік құралдарында тежегішті бұғаттауға қарсы жүйе, фронтальді қауіпсіздік жастығы, ISOFIX бекіту жүйелері, күндізгі жүріс шамдары және иммобилайзер (иммобилизатор) болған кезде сәйкестікті растауға жол беріледі.

Автокөлік құралдарының сәйкестігін растауды сәйкестікті растау жөніндегі орган сәйкестік сертификаттарын беру арқылы жүзеге асырады.

Кеден одағына қатысушы елдерде шығарылған автокөлік құралдары үшін осы тармақтың екінші бөлігіне көзделген талап 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі."

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

С. Ахметов